

«KMF Isker hanymy 2026 жұлдесі» байқауы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ереже «KMF Isker hanymy 2026» жұлдесін (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.
- 1.2. Байқауды ұйымдастырушылар: «KMF-Демеу» КҚ және «KMF Банк» АҚ.
- 1.3. Байқау тақырыбы: «Өз саласында үздік нәтиже көрсеткен кәсіпкер әйел».
- 1.4. Байқауды ұйымдастыру, өткізу және қорытындысын шығару үшін жұмыс тобы мен қазылар алқасы құрылады.
- 1.5. Байқауға қатысу үшін шақырту әр қатысушыға жеке, бір данада беріледі, осыған байланысты қатысушылар байқауға өзімен бірге туыстарын, достарын және өзге адамдарды әкеле алмайды/шақыра алмайды (Байқау өтетін жерге келу кезінде, байқау өтетін кезеңде қатысушылар тұратын жерге). Осы тармақты бұзған жағдайда байқау ұйымдастырушылары қатысушыны байқауға қатысудан шеттетіп, оны басқа қатысушыға ауыстыруға құқылы.
- 1.6. Ұйымдастырушылар қатысушылардың байқау өтетін жерге келу кезеңіндегі, байқауды өткізу кезеңіндегі, сонымен қатар қатысушылардың байқаудан үйлеріне қайту кезеңіндегі іс-әрекеттері үшін жауапты болмайды. Қатысушылар кез келген уақытта өз әрекеттері үшін барлық жауапкершілікті өз мойнына алады.
- 1.7. Ұйымдастырушылар қатысушылар байқау өтетін жерде/тұратын жерде болған кезеңінде олардың қауіпсіздігіне кепілдік береді. Ұйымдастырушылар байқауға қатысушылардың денсаулығына жауап бермейді.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

- 2.1. Байқаудың мақсаты: әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға назар аудару.
- 2.2. Байқаудың міндеттері:
 - 2.2.1. KMF-ке деген ниеттестікті арттыру;
 - 2.2.2. кәсіпкер әйелдер арасында көшбасшыларды айқындау.

3. Байқауға қатысушылар.

- 3.1. Төмендегі критерийлерге сәйкес келетіндердің барлығы байқауға қатыса алады:
 - Кәсіпкер әйел;
 - KMF Банкте кемінде 2 млн теңге белсенді кредиттің /кемінде 500 000 теңге депозиттің болуы;
 - DemeuForBusiness порталында оқу курсынан өту;
 - *Байқауға 2025 жылғы 2 сәуірден бастап 2026 жылғы 2 сәуірді қоса алған кезеңде 15 күннен аса өтеу мерзімін кешіктірген клиенттер қатыса алмайды;*

марапаттау сәтінде клиенттің жалпы 15 күннен астам өтеу мерзімін өткізу жағдайы болмауы қажет.

3.2. Байқауға қатысу тегін.

3.3. Қатысушы қатысушының сауалнамасындағы деректердің барлығы дұрыс толтырылуына толық жауапты болады. Деректер дұрыс толтырылмаған жағдайда, Ұйымдастырушы өтінім берушіні байқауға қатыстырмауға құқылы.

3.4. Байқауға байқау ұйымдастырушыларымен үлестес тұлғалар қатыса алмайды.

4. Байқауды ұйымдастыру және өткізу мерзімі мен тәртібі

4.1 Байқау 2026 жылғы 2 сәуірден 5 қазан аралығында өтеді.

4.2. Байқау бірнеше кезеңнен тұрады:

4.2.1. Бірінші кезең (сырттай): - **2026 жылғы 2 сәуірден бастап 1 маусым аралығында** қатысу критерийлеріне сәйкес өтінімдер қабылданады; қатысушылар критерийлерге сәйкес іріктеледі және сауалнаманың екінші кезеңіне өтеді;

2026 жылғы 2 маусым – 15 маусым аралығы – жұмыс тобы үшінші кезеңге өткен қатысушыларды анықтау үшін рейтингтік кестеге сәйкес сауалнаманың екінші кезеңінен өткен өтінімдерді іріктейді;

2026 жылғы 15 маусым – 19 шілде аралығы – үшінші кезең – сауалнаманың сұрақтарына сәйкес қатысушыдан видео келіп түседі. Қатысушы үшінші кезеңге өткен жағдайда СМС алады;

2026 жылғы 20 шілде – 1 тамыз – финалистер анықталады;

2026 жылғы 3 тамыз – 14 тамыз – әділқазы мүшелері негізгі жеңімпаздарды және жүлде номинацияларын анықтайды;

2026 жылғы қазан – жүлде жеңімпаздары және номинанттары марапатталады.

Марапаттау уақыты және орны қосымша хабарланады.

4.3. Байқауға қатысу үшін қатысушылар <https://kmfiskerhanymy.kz/premium2026/#premium-request> сілтемесі арқылы сайтта өтінім толтырады.

4.4. Байқауға қатысуға өтінімдер 2026 жылғы 1 маусымға дейін қабылданады.

4.5. Өтінім қатысушының осы конкурстық ереженің барлық шарттарын қабылдауы және өткізу ережелерімен келісуі ретінде қарастырылады.

4.6. Ұйымдастырушылар байқау кезеңдерінің күндерін ауыстыруға, марапаттау рәсімін өткізетін уақытты және орынды таңдауға құқылы.

5. Байқауды өткізу шарттары

5.1. Байқау мынадай талаптар бойынша өткізіледі:

5.1.1. 3-тармақта көзделген талаптарға сәйкес келетін қатысушылар сұрақтарға жауап беру арқылы сайтта өтінім береді.

5.1.2. Жұмыс тобының мүшелері өтінімдердің қатысу критерийлеріне сәйкестігін тексереді.

5.1.3. Қатысу талаптарына сәйкес келетін өтінімдер мынадай санаттар бойынша бағалау үшін қазылар алқасына беріледі:

1. Бас жүлде – «KMF Isker hanymy 2026»

- Бизнесінің барлық бағыты бойынша Қазақстанның кез келген өңірінде кез келген бизнеспен айналысатын, үздіксіз пайда өсіміне қол жеткізген және/немесе қосымша жұмыс орындарын ашқан,
- өсуге және дамуға ұмтылатын іскер әйел

2. «Ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясы
Критерийлер:

- тұтынушылық мақсаттардан басқа, табыс көзі Агро болатын бизнес түрімен айналысатын,
- үздіксіз пайда өсіміне қол жеткізген және/немесе қосымша жұмыс орындарын ашқан,
- өсуге және дамуға ұмтылатын іскер әйел.

3. «Бизнесі дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясы
Критерийлер:

- тұтынушылық мақсаттардан басқа, бизнеспен айналысатын,
- үздіксіз пайда өсіміне қол жеткізген және/немесе қосымша жұмыс орындарын ашқан,
- өсуге және дамуға ұмтылатын іскер әйел.

4. «Шағын және орта бизнесті дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясы
Критерийлер:

- тұтынушылық мақсаттардан басқа, бизнеспен айналысатын,
- үздіксіз пайда өсіміне қол жеткізген және/немесе қосымша жұмыс орындарын ашқан,
- өсуге және дамуға ұмтылатын іскер әйел.
- Берілген кредиттің сомасы 15 000 000 теңгеден асуы қажет.

5. «Әлеуметтік бизнес» номинациясы
Критерийлер:

- бизнеспен айналысатын және ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін жұмыс орындарын ашқан, жаңа нарықты игерген, эко-туризмді және спортты дамытумен, қоршаған ортаны қорғаумен айналысатын және т.б. жетістіктерімен қоғамның өзгеруіне өз үлесін қосқан,
- өсуге және дамуға ұмтылатын іскер әйел.

6. «Жүлде амбассадорлары» номинациясы.

Критерийлер:

- Алдыңғы жылдары өткен KMF Isker Hanymu жүлдесіне қатысқандар
- Әр қатысушы байқау кезеңінде кемінде 30 бірлік контент жариялауға тиіс. Рұқсат етілген форматтар: Instagram Stories, посттар (фото / видео / карусель), Reels
- Әр материалға қойылатын міндетті талаптар: Әр контенттің бірлігінде міндетті түрде болуы керек: Хэштег: #kmfiskerhanymu2026; Жүлденің ресми аккаунтын белгілеу;
- Төмендегі тақырыптардың кемінде біреуі қамтылуы керек: жүлдеге қатысу тәжірибесі; кәсіпкер әйелдер үшін жүлденің маңыздылығы; бизнеске/ойға/жеке дамуға ықпалы; басқа әйелдерді қатысуға ынталандыру

Жеңімпаздарды ұйымдастырушылар таңдайды.

5.1.4. KMF-тің Сату жөніндегі директорлары/ KMF-тің бөлімше бастықтары видеодағы/сауалнамадағы деректерді салыстырып тексеру үшін финалистердің бизнес орнына барады.

5.1.5. Қазылар алқасы финалистерді тексеру нәтижелері бойынша түпкілікті шешім шығарады.

6. Байқаудың жұмыс тобының, қазылар алқасының құрамы және функциялары.

6.1. Жұмыс тобының құрамына:

- KMF Сату және өңірлік желіні дамыту департаментінің өкілдері;
- KMF-Демеу корпоративтік қорының өкілдері кіреді.

6.2. Жұмыс тобының функциялары:

6.2.1. байқау ережесін әзірлейді;

6.2.2. қазылар алқасының құрамын, жұмыс тәртібін бекітеді;

6.2.3. қатысушылардан байқауға қатысу туралы өтінімдерді қабылдайды және байқау критерийлеріне сәйкес алдын ала іріктеу жүргізеді;

6.2.4. Жүлденің өткізілуін ұйымдастырады;

6.2.5. Жүлде жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттайды.

6.3. Қазылар алқасының құрамы:

- КМФ Басқарма Төрағасы;
- Кредиттік және экожүйелік өнімдерді дамыту департаментінің Директоры;
- КМФ-Демеу өкілдері;
- Тәуелсіз бизнес өкілі.

6.4. Қазылар алқасының функциялары:

6.4.1. байқау жұмыстарын бағалайды;

6.4.2. Жүлде жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды;

6.4.3. ұйымдастыру комитетіне жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау және көтермелеу туралы ұсыныс жасайды.

7. Байқаудың мазмұны

7.1. Қатысушылардың өтінімдері қазылар алқасының қорытындысы негізінде бағаланады.

7.4. Іріктеу критерийлері:

«Агробизнесі дамытуға қосқан үлесі үшін», «Бизнесі дамытуға қосқан үлесі үшін» және «ШОБ дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациялары бойынша:

1. Бизнесінің өсу қарқыны (ең жоғары 20 балл):
 - Бизнесінің өсу қарқыны
 - Соңғы 3 жылда жұмыс орнын ашу
 - Соңғы жылы өндірістік пайданы ұлғайту
 - ЖК ретінде тіркеу
2. Цифрландыру (ең жоғары 15 балл):
 - Бизнесі ілгерілету үшін цифрлық құралдарды пайдалану
 - Тауарлар мен қызметтерді төлеу тәсілдері;
 - Қандай процестер автоматтандырылған
3. Басқасы (ең жоғары 20 балл)
 - Бизнесі ілгерілету әдістері
 - Қаржы тәжірибесі
 - Бизнес өзгерістер мен қиындықтарға қалай жауап береді
 - Сіз әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысасыз ба?
 - Сіз өзіңізді кәсіпкер ретінде қалай дамытасыз?
4. Орнықтылық және дамуға деген ұмтылыс (ең жоғары 20 балл):
 - 3 жылдан кейін бизнесіңізді қалай елестетесіз
 - Соңғы 12 айдағы ең маңызды жетістіктер
 - Неліктен Сіз және Сіздің бизнесіңіз жеңімпаз болуға лайық деп ойлайсыз?
 - Сіз соңғы жылы бизнесте қандай жаңалықтар енгіздіңіз?

Ең жоғарғы балл саны – 80

«Әлеуметтік бизнес» номинациясы бойынша:

1. Бизнесінің өсу қарқыны (ең жоғары 20 балл):
 - Бизнесінің өсу қарқыны
 - Соңғы 3 жылда жұмыс орнын ашу
 - Соңғы жылы өндірістік пайданы ұлғайту
 - ЖК ретінде тіркеу
2. Цифрландыру (ең жоғары 15 балл):
 - Бизнесіті ілгерілету үшін цифрлық құралдарды пайдалану
 - Тауарлар мен қызметтерді төлеу тәсілдері;
 - Қандай процестер автоматтандырылған
3. Басқасы (ең жоғары 25 балл)
 - Бизнесіті ілгерілету әдістері
 - Қаржы тәжірибесі
 - Бизнес өзгерістер мен қиындықтарға қалай жауап береді
 - Сіз әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысасыз ба?
 - Сіз өзіңізді кәсіпкер ретінде қалай дамытасыз?
4. Орнықтылық және дамуға деген ұмтылыс (ең жоғары 25 балл):
 - 3 жылдан кейін бизнесіңізді қалай елестетесіз
 - Соңғы 12 айдағы ең маңызды жетістіктер
 - Неліктен Сіз және Сіздің бизнесіңіз жеңімпаз болуға лайық деп ойлайсыз?
 - Сіз соңғы жылы бизнесте қандай жаңалықтар енгіздіңіз?
 - Әлеуметтік кәсіпкерлік саласын сипаттаңыз

Ең жоғарғы балл саны – 85

8. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

8.1. Байқау қорытындысы бойынша әрбір номинацияда жеке жеңімпаз және жүлдегер болған қатысушылар таңдалады. Қазылар алқасының пікірі бойынша кез келген номинациядағы ең үздік үміткер «KMF Isker hanymu» бас жүлдесін иеленеді.

8.2. Жеңімпаздар номинацияларға сәйкес келетін сертификаттармен марапатталады.

8.3. Қазылар алқасының мүшелері іріктеудің қосымша критерийлері мен байқау номинацияларын енгізуге құқылы.

8.4. Жүлде ақшалай өтемақыға ауыстырылмайды.

8.5. Байқау қорытындысы бойынша апелляция қабылданбайды.

8.6. Бір номинацияда жеңіске жеткен қатысушы басқа номинацияда жеңімпаз бола алмайды.

8.7. Гран-При, «Ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан үлесі үшін», «Бизнесіті дамытуға қосқан үлесі үшін», «Әлеуметтік бизнес», «Шағын және орта бизнесіті дамытуға қосқан үлесі үшін» және «Қазылар алқасынан арнайы сыйлық»

номинацияларындағы КМФ Isker hanymy 2021, 2022, 2023, 2024 және 2025 жылдардағы Жүлдесінің жеңімпаздары 5 негізгі номинацияларға қайта ұсынылмайды.

8.8. Жеңімпаз атанған қатысушы ұтқан Жүлдені алу үшін байқауды ұйымдастырушыдан жеңімпаз болғаны туралы хабарламаны алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұйымдастырушыға мынадай ақпаратты ұсынуға міндетті:

- аты-жөні (толық);
- жеке куәліктің көшірмесі және ЖСН;
- жүлдені жеткізу үшін ҚР пошталық мекенжайы;
- ұйымдастырушының сұрауы бойынша Жеңімпазға жүлдені беру үшін қажетті өзге құжаттар мен ақпарат.

8.9. Байқауға қатысушылар бұған дейін өткізілген құжат көшірмелерімен салыстырып тексеру үшін ұйымдастырушыға жоғарыда көрсетілген құжат түпнұсқаларын ұсыну мүмкіндігін қамтамасыз етуі қажет.

8.10. Берілген жүлделерден салық төлеу байқау ұйымдастырушысының міндеті. Жүлде алушылардан салық ұсталмайды.

9. Қосымша шарттар.

9.1. Еңсерілмейтін күш жағдайлары байқауды өткізуге кедергі келтірсе, байқау толық және (немесе) ішінара өткізілмеуі мүмкін.

«KMF Isker hanymy 2026» жүлдесі туралы ережеге

1-қосымша

Бағалау матрицасы				
	«Агробизнесі дамытуға қосқан үлесі үшін», «ШОБ дамытуға қосқан үлесі үшін» және «Бизнесі дамытуға қосқан үлесі үшін» номинацияларында			
	Өтінім берушінің атауы			
	Санаты			
	Критерий	Бағалар (1-5)	Өлшенген мәні	Жиыны
30%	Бизнесің өсу қарқыны	20	100%	1,5
	ЖК ретінде тіркеу	5	30%	1,5
	Өтінім беру күніндегі жұмыс орындарының саны	5	20%	1
	Соңғы 3 жылда жұмыс орнын ашу	5	20%	1
	Соңғы жылы өндірістік пайданы ұлғайту	5	30%	1,5
	Аралық қорытынды			5
30%	Цифрландыру	15	100%	1,5
	Бизнесіңді ілгерілету үшін цифрлық құралдарды пайдалану	5	30%	1,5
	Тауарлар мен қызметтерді төлеу тәсілдері	5	30%	1,5
	Бизнесіңде қандай процестер автоматтандырылған	5	40%	2
	Аралық қорытынды			5
20%	Басқасы	25	100%	1
	Бизнесіңді ілгерілету әдістері	5	20%	2
	Бизнесіңде қандай қаржы тәжірибесің қолданасыз?	5	15%	0,75
	Бизнесің өзгерістер мен қиындықтарға қалай жауап береді	5	20%	1
	Сіз әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысасыз ба?	5	20%	1
	Сіз өзіңізді кәсіпкер ретінде қалай дамытасыз?	5	25%	1,25
	Аралық қорытынды			5
20%	Орнықтылық және дамуға деген ұмтылыс	20	100%	1
	3 жылдан кейін бизнесіңізді қалай елестетесіз	5	30%	1
	Сіздің бизнесіңіздің соңғы 12 айдағы ең маңызды жетістіктері	5	20%	1
	Неліктен Сіз және Сіздің бизнесіңіз жеңімпаз болуға лайық деп ойлайсыз?	5	20%	1,5

	Сіз соңғы жылы бизнесте қандай жаңалықтар енгіздіңіз?	5	20%	1,5
	Аралық қорытынды			5
	Қорытынды	80		5
Бағалау матрицасы				
	«Әлеуметтік бизнес» номинациясында			
Өтінім берушінің атауы				
Санат				
	Критерий	Бағалар (1-5)	Өлшенген мәні	Жиыны
40%	Бизнестің өсу қарқыны	20	100%	1
	ЖК ретінде тіркеу	5	20%	1
	Өтінім беру күніндегі жұмыс орындарының саны	5	20%	1
	Соңғы 3 жылда жұмыс орнын ашу	5	40%	2
	Соңғы жылы өндірістік пайданы ұлғайту	5	20%	1
	Аралық қорытынды			5
20%	Цифрландыру	15	100%	1
	Бизнесті ілгерілету үшін цифрлық құралдарды пайдалану	5	30%	1,5
	Тауарлар мен қызметтерді төлеу тәсілдері	5	30%	1,5
	Бизнесте қандай процестер автоматтандырылған	5	40%	2
	Аралық қорытынды			5
40%	Басқасы	20	100%	2
	Бизнесті ілгерілету әдістері	5	10%	0,5
	Бизнесте қандай қаржы тәжірибесін қолданасыз?	5	10%	0,5
	Бизнес өзгерістер мен қиындықтарға қалай жауап береді	5	10%	0,5
	Сіз әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысасыз ба?	5	50%	2,5
	Сіз өзіңізді кәсіпкер ретінде қалай дамытасыз?	5	20%	1
	Аралық қорытынды			5
20%	Орнықтылық және дамуға деген ұмтылыс	25	100%	1
	3 жылдан кейін бизнесіңізді қалай елестетесіз	5	20%	1
	Сіздің бизнесіңіздің соңғы 12 айдағы ең маңызды жетістіктері	5	15%	0,75
	Неліктен Сіз және Сіздің бизнесіңіз жеңімпаз болуға лайық деп ойлайсыз?	5	20%	1

	Сіз соңғы жылы бизнесте қандай жаңалықтар енгіздіңіз?	5	10%	0,5
	Әлеуметтік кәсіпкерлік саласын сипаттаңыз	5	35%	1,75
	Аралық қорытынды			5
	Қорытынды	85		5